

2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында тұратын, нысаналы топтарына жататын тұлғалардың нысаналы топтарын анықтау және қосымша тізімін белгілеу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының мәслихатының 2013 жылғы 19 желтоқсандағы N 419. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 қаңтарда N 2496 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 26.12.2014 N 324 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын аудандық әкімдігінің 26.12.2014 N 324 қаулысымен.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына, 7-бабы 2) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. 2014 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтары анықталсын:
 - 1) та бы сы аз а да м да р ;
 - 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
 - 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
 - 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп ба ла лы ата - а на ла р ;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп та ны л ғ а н а да м да р ба р а за ма т та р ;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шы ғ у ғ а е кі жы л қ а л ғ а н) ;
 - 7) м ү г е д е к т е р ;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан бо са ты л ғ а н а да м да р ;
 - 10) о ра л ма н да р ;
 - 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бі ті р у ш і ле р ;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар жатады.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданының аумағында халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың қосымша тізімі белгіленсін:

1) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

2) елу жастан асқан жұмыссыз тұлғалар;

3) он екі ай және одан артық жұмыс істемеген тұлғалар;

4) Семей сынақ ядролық полигонында жүргізілген сынақтардың нәтижесінде зардап шеккен тұлғалар, Чернобыль атомдық электр стансасындағы аппаратты жоюға қатысқандар;

5) отбасында жұмыс істейтіндер жоқ тұлғалар.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i> <i>Шал ақын аудан әкімі</i>	<i>М.Омаров</i>
--	-----------------